

Балаларға қосымша білім беру бағыты бойынша "Мамандықтар әлеміне жол ашамыз" атты Республикалық форумының баспасөз хабарламасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу- әдістемелік орталығы Астана қаласында 2014 жылғы 3-7 қарашада балаларға қосымша білім беру бағыты бойынша "Мамандықтар әлеміне жол ашамыз" атты Республикалық форумын өткізеді.

Форумның мақсаты: алдағы уақытта Қазақстан экономикасы мен еңбек нарығында қажет және талап етілетін кәсіпті таңдаудағы оқушылардың шығармашылық ізденісін арттыру және қоғамдық маңызы бар кәсіптік бағдар беру қызметіне педагогтар мен оқушыларды тарту.

Міндеттері:

- балалардың белсенді, жағымды кәсіптік және өмірлік көзқарасын қалыптастыру;
- білім алушылардың өмір жолында ізденушілік іскерлігін жобалау кезеңіндегі ынталарын арттыру;
- жоғары сынып оқушыларының қоғамға керекті қызметтерді таңдау кезінде кәсіби тұрғыда өзін танып білуге көмек көрсету;
- жеке тұлғаны анықтау және қолдау көрсету, кәсіби білім алудағы шығармашылық қабілеттілігін дамыту.

Форумға 7-11 сыныптарының білім алушылары қосымша білім беру ұйымдарының барлық бағыттары бойынша қатыса алады.

Форумның ашылу салтанаты а.ж. 4 қарашада Астана қаласының Оқушылар сарайында өтеді.

Форум бағдарламасында қарастырылғаны:

1. «Болашақ мамандыққа қадам» республикалық көрме;
2. «Мамандықты таңдау уақыты» республикалық жобалар байқауының номинациялары:

- "Осындай мамандық бар"- Қазақстан экономика мен еңбек нарығында талап етілетін және қажетті мамандықтар туралы балалардың компьютерлік презентациялар байқауы.

- "Мамандықты таңдау уақыты" - жобалар байқауы (бейнероликтер);

- "Мен - мамандықтар әлемінде" - әдеби байқау (шығарма, эссе, тақпақ);

- «ЭКСПО – 2017» балалардың көзімен» тақырыбы аясындағы КВН «Кешегі, бүгінгі, болашақтағы мамандықтар».

Байқау жұмыстарын әділқазылар алқасы бағалайды. Жеңімпаздар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады. Республикалық Форумның жабылу салтанаты және жеңімпаздарды марапаттау рәсімі **а.ж. 6 қарашада** өткізіледі.

Форум өскелең ұрпақтың белсенді өмірге деген көзқарасының басымдылығын дамытуға, жас азаматтарды кәсіби айқындау және өзін-өзі рухани жетілдіру мен өз бетінше шешім қабылдай білуге тәрбиелейді.

Қосымша ақпараттарды мына телефондар бойынша алуға болады:

8(7172)445341, 87015001817 Қалиев Дінмұхаммед Қуанышбекұлы.